



**БҰЙРЫҚ**

**ПРИКАЗ**

«23» 02 2022 жылғы №23  
Нұр-Сұлтан қаласы

**«XXI ғасырдың шебер педагогі»  
қалалық байқауын ұйымдастыру  
және өткізу туралы**

1. Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «Білім беруді жаңғырту орталығы» МКҚК (бұдан әрі - Орталық) жоспарына сәйкес қоғамда бастауыш білім беру жүйесінің басымдықтарын таныту және беделін арттыру, шығармашыл педагогтерді қолдау және ынталандыру мақсатында БҰЙЫРАМЫН:

1. «XXI ғасырдың шебер педагогі» қалалық байқауы (бұдан әрі-Байқау) 2022 жылғы 25 наурыз – 20 сәуір аралығында бастауыш сыныптардың зерттеуші және шебер педагогтері арасында өткізілсін.

2. Байқаудың ережесі 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Байқаудың ұйымдастырушылары 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

4. Байқаудың комиссия құрамы 3-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

5. Байқауды қаржыландыру шығындары сметаға сәйкес қамтамасыз етілсін (Ж.Д. Есхожина).

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Орталық басшысының орынбасары Г. Абишеваға жүктелсін.

Басшының м. а.

С. Дауешова